

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамының мемлекеттік емес сыртқы заем бойынша мерзімі өткен төлемін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 тамыз N 1110

Қазақстан Республикасының шетелдік кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемды республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1997 жылғы 31 қазандағы N 0000028 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіне сәйкес, шетелдік банктер шоттарының негізінде "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамы үшін мерзімі өткен төлемді 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлем күнгі бағамдық айырмашылықтың өзгерістерін ескере отырып, 1 012 712, 00 АҚШ доллары (бір миллион он екі мың жеті жүз он екі) мөлшерінде төлесін;

2) "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамымен және "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамымен соңғысы республикалық бюджетке 1 012 712, 00 (бір миллион он екі мың жеті жүз он екі) АҚШ долларына баламды соманы, тең үлестермен (ай сайын) - 84 392,67 (сексен төрт мың үш жүз тоқсан екі доллар, алпыс жеті цент) АҚШ долларын төлем күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен уақтылы қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде он күндік мерзімге үш ж а қ т ы к е л і с і м ж а с а с с ы н ;

3) келісімде "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының

республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдауды көздесін.

2. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамына "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамының республикалық бюджетке ай сайын аударуға жататын сомаларға жылдық 10%-тік ай сайынғы есептеуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК